


Құзыреттілікке жеткізетін сабақтың мақсат-міндеттері:

Проблемны шешу – өз жұмысында компьютер мүмкіндіктерін пайдалану, өз әрекетін бағалау және талдау, оқушының өзіне деген сенімділігін арттыру, өзіндік дамуды жүзеге асыру, практикалық сипаттағы оқу мәселелерін шешу жолымен материалдарды талдауға үйрету.

Ақпараттық – құжатты форматтауды, емле ережесін тексеруді, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдайда жана ақпараттық технологияларды пайдалану білігін арттыру, дәстүрлі (қағаздық) және жаңа ақпараттық технологияларды (электрондық) пайдалану арқылы ақпарат көздерін іздеуге баулу. Өз әрекетінде ақпаратты өңдеу, талдауды меңгерту.

Коммуникативтік – Оқушылардың компьютерлік сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін арттыру, өз ойын ашық айта білуге, ойын жүйелеп жеткізу. Оқушының бойында коммуникативті құзыреттіліктің вербальді және вербальді емес формаларын қалыптастыру және дамыту. Коммуникативтік мәдениетке тәрбиелеу, коммуникативтік потенциалын көтеру.



Сабақтың түрі:

аралас

Сабақтың әдісі:

түсіндіру, баяндау, әңгіме

**Сабақтың
көрнекілігі мен
құрал-
жабдықтары:**

**компьютер,
проектор, электрондық оқулық,
схемалар
мультимедиалық**

**Пәнаралық
байланыс:**

бейнелеу

IMAGEFX.COM

Сабақтың барысы:


I. Ұйымдастыру бөлімі

II. Үй тапсырмасын тексеру

III. Жаңа материалды түсіндіру

IV. Жаңа білімді бекіту
Практикалық жұмыс.

V. Үйге тапсырма
Қорытындылау.



1. Ұйымдастыру бөлімі

а) Амандасу

ә) Сабаққа дайындықтарын тексеру

б) қауіпсіздік ережелер еске түсіру



2. Үй тапсырмасын тексеру

Өткен тақырып бойынша
оқушыларға сұрақтар қою

3. Жаңа материалды түсіндіру

Орындатпау командалары

Егер бір жұмыстарың ойдағыдай болмаса, соңғы үш әрекетті орындамауларыңа болады., ол үшін *Орындатпау (Отменить)* командасын пайдаланады. *Правка* ⇒ *Отменить* командасын орындау соңғы әрекетті ғана орындатпайды.


Ал оның алдындағы орындалған әрекетті болдырмау үшін, *Отменить* командасын тағы бір рет пайдалану керек.

Қайталау командасы

Егер сендер бір әрекетті қате орындатпай алып тастасаңдар немесе алдыңғы әрекетті қайталау қажет болса, онда оны *Правка* ⇒ *Повторить* командасын орындап, орындаудан алып тастаған әрекеттерді қайталауға болады.

Суреттерді қалай сақтайды


Paint бағдарламасында құжатты бірінші рет сақтап қою үшін *Файл* ⇒ *Сохранить как* командасын орындаңдар. Сонда экранда *Сохранить как* диалог терезесі пайда болады.



Сохранить как командасының терезесі.

Мәтіні бар суреттер салу.

Кезкелген суретке жазу қосу үшін мына төмендегі әрекеттерді орындау керек.

1. Надпись  құралын таңдаңдар.
2. Мауспен мәтін жазылатын төрт бұрышты жақтау салыңдар.
3. Пернетақтадан “Қыс келді” мәтінін енгізіндер.
4. Егер қаріп өлшемін өзгерткің келсе, немесе оларды курсив, жартылай қалың немесе асты сызылған жасағыларың келсе, онда бұл үшін Шрифты құрал-саймандар тақтасы қажет болады.



Times New Roman

12

B


I

U


5. Мәтінді енгізгеннен кейін, құрал-саймандар тақтасындағы қандайда бір батырмада немесе мәтін жақтауының сыртында шертіндер.

Суреттерді қалай ашады.

Дискіде сақтауды суретті ашу үшін, Файл ⇒ Открыть командасын орындаңдар. Экранда диалогтерезесі ашылады



Онда меңзерді қажетті файлдың атына орналастырып, екі рет шертіндер. Егер сендер Paint бағдарламасының жұмысы барысында жаңа ғана салынған суретті сақтамай, жаңа құжат жасағыларың келсе, Файл ⇒ Создать командасын орындаңдар. Экранда құжатты сақтау жөнінде сұрау терезесі пайда болады. Нет (Жоқ) батырмасын шертіндер.



4. Жаңа білімді бекіту Практикалық жұмыс

1. Тік төртбұрыш, сызық, эллипс құралдарын пайдаланып, үй сал.
2. Заливка құралының көмегімен үйдің қоңырау бөліктерін боя.
3. Горизонт сыз (яғни экранды көлденеңінен екіге бөл).
4. Суреттің жоғарғы бөлігі – аспанды көгілдір түспен, ал төменгі бөлігі – шөпті жасыл түспен боя.
5. Жоғарғы сол жақтағы бұрышқа күннің суретін сал.
6. Бүріккіш көмегімен бұлттарды ақ түске боя.

Экранға салған суретіңді оқытушыға көрсет!

7. Пернетақтадан файлға “Үй” атын бер, *Файл* ⇒ *Сохранить как* командасын орындап, салған суреттеріңді сақтап қой.

Үйге тапсырма Қорытынды

*Оқушылар үй жұмысына бүгінгі жаңа тақырыпты
оқып келу және осы тақырыпқа сөз жұмбақ
дайындап келу.*

Microsoft
Windows XP

